

УДК 327.34.00

**ҚХР-НЫҢ АШЫҚТЫҚ САЯСАТЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУДІҢ  
АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**Базарбай Әкежан Қайратұлы**

[akezhan0810@gmail.com](mailto:akezhan0810@gmail.com)

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің,  
Халықаралық қатынастар кафедрасының, Халықаралық қатынастар мамандығының 1-ші  
курс магистранты.

Ғылыми жетекші – Турханова Ә.Ж.

Қытайда реформалар өткеннен кейін және Қытай экономикасының ашықтық саясатына өткеннен кейін мемлекеттің дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны ғылыми ортада даулы мәселе болды. Реформа уақытында экономикалық даму мемлекеттің даму ерекшелігін ескере отырып шет мемлекеттердің тәжірибесіне сүйеніп жүргізіле бастады. Дүниежүзілік шаруашылықпен серіктесік Қытай экономистарына мемлекеттің жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа теориялық негіздер еңгізуге мүмкіндік берді.

Реформалардың алғашқы кезеңінде (70-ші жылдардың соңы және 80-ші жылдардың басы) елдің экономикасының тұйықталуына алып келген «өз күшіне сену» тұжырымдамасының сынға алынды. Осы кезеңде экономистардың бір бөлігі мемлекеттің халықаралық аренада алатын орнын марксисттік көзқарастан зерттеген және оны жаңа

қалыптасқан жағдайға пайдалануды көздеген болатын. Зерттеулердің негізі ретінде олар В.И. Лениннің сыртқы экономикалық байланыстар мен шетел капиталын пайдалану жөнінде пікірін пайдаланған. Олар дүниежүзілік шаруашылықта артта қалу жағдайында шетел монополияларымен серіктестікке бағытталған саясатты пайдалану арқылы мемлекеттің экономикалық дамуын жеделдіруге болады деп есептеген. «Маркстың теориясына негізделсек, кеңестік мемлекет капитализмнің мықты жақтарын өзіне сіңіріп және оны пайдалана білді.», - деп есептейді Цао Юйхуа мен Фу Лицзян. Оған қоса Дэн Сяопиннің өзі мемлекеттің артта қалушылығын және алдағы экономикалық даму стратегиясын құруда мемлекет өндірістік салаға негізделу қажеттілігін атап өткен болатын.

80-ші жылдары Қытайдың басшыларының бастауымен экономикалық дискуссия ұйымдастырылған болатын. Дискуссия барысында мемлекет экономикасының модернизациялау және реформалау ісі қарастырылып, ашықтық саясатын ендіру бойынша алғашқы нәтижелері талқыланған болатын. Аталған дискуссияда Қытайдың көрнекті экономистері – Сюэ Муцяо, Сень Эфан, Лю Гогуан, Ли Инин, У. Цзинлянь, Ма Хун және т.б. өздерінің даму концепцияларын ұсынған болатын. Мемлекеттің ішкі қаржыландырудың дефициті және жаңа технологиялардың жетіспеушілігі жағдайында мемлекеттің дамыған мемлекеттермен серіктестігі мемлекеттің экономикалық дамуының басты бағыты ретінде қарастырылған болатын. Ал мемлекетті халықаралық еңбек бөлінісінде қатысуына қарсы және ішкі күштердің есебінен дамуды жақтайтын көзқарастар қате болып есептелінді. Бұл бойынша У. Цзинлянь былай деп жазады: «Миллиардаған халқы бар Қытай мемлекеті үшін өз күшіне сенім артуға бағытталған концепцияны ұстану қалыпты жағдай болып көрінеді. Алайда, тұйықталу саясатының, алғашқы нұсқасына негізделсек, мемлекетті өз-өзін толыққанды қаржымен, техникамен және құрылғымен қамтамасыз етуге мәжбүрлейді, ал бұл өз кезегінде, мемлекеттің өндірісі, техникалық прогресіне және мемлекеттің дамуына кедергі болды. Жаңа стратегия ашықтық саясатын, сыртқы сауданы, шетел капиталын және технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттің ішкі күштеріне тірек арту қабілетіне жетуге бағытталған».[1]

Саяси классиктардың еңбектерін сараптай келе, қытайлық ғалымдар «үлкен секіріс» идеясы дамудың бағыты ретінде меркантилдердің еңбегінде кездесетін анықтаған. Меркантилистердің идеясы, қытайда қалыптасқан сияқты, халық санының артықшылығына емес, белгілі салаларға қатысты протекционистік саясат пен дискриминация жүргізуге негізделеді. Одан бөлек неміс ғылыми мектептің еңбектерінен концепцияның жаңа түрі табылған болатын. «Қуып жету және озып кету» деп аталған концепцияның мәні негізінен бастапқы өнімді сыртқа шығаратын және экономикалық даму тұрғысынан арттағы, бәсекелестік деңгейі төмен мемлекет үшін еркін сауданы еңгізу мүмкін мемлекет тиімсіз болып табылады. Жоғарыда аталған тұжырымдамалар «Өз күшіне сену» саясатын қолдайтын экономисттардың негізі ретінде саналады. «Қуып жету саясаты әрқашан сыртқы сауда саясатын тежеуді талап етеді».[2]

Ғылыми дискуссиялар арасында социализм саясатына қарсы болғандар да болды. Олардың пікірі бойынша, Қытай социализмнен мүмкіндігінше тез арада құтылып, мемлекетте капиталистік қатынастарды орнатумен халықаралық интеграцияға көшу қажет деп есептеген. В.Я. Портяков өз еңбегінде: «Капиталистік қатынастарға көшкен Тайвань, Гонконг және жартылай капиталистік қатынастаарды орнатқан Сингапур Қытай халқына әрқашан мысал ретінде тұрады», - деп бұл концепцияны жақтаушыларын сипаттайды.[3]

Қытайдың экономикалық саясатының концептуалды негізі ретінде ғалымдар марксизмнің теориялық және әдістемелік бөлігі алынған болатын. Мемлекетке шетел капиталын тарту мәселесімен қатар, өзекті болып жеке сектордың құрылымдық жүйесін қалыптастыру мәселесі зерттеле басталды. Ғалымдар оны кеңестік Қытай экономикасына қосымша стимул ретінде қарастырған болатын. Мемлекеттің дамуын зерттеу жұмыстары екі сұраққа негізделіп жүргізілген болатын. «Артта қалушылықтың себебі неде?» және «Оны жою жолдары қандай?». Экономикалық артта қалуды ғалымдар тарихи тұрғыдан Батыс және

Шығыс мемлекеттерімен біркелкі қарым-қатынастардың дамуының әсері ретінде қарастырса, әлемдік шаруашылықтың дамыған мемлекеттерімен серіктестікке түсудің концепциясын жасау ғалымдар үшін басты мәселе болып табылды.


90-шы жылдардың соңына қарай ғалымдар Қытайдың халықаралық еңбек бөлінісінде өзінің орнын табу мақсатында, біржақты тәуелділікті болдырмау және «теңдік» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында қытайлық зерттеушілер сыртқы экономикалық қызметті либерализациялауға көшіру жолдарын іздестіре бастады. Яғни, мемлекетке қажетті шетел инвестицияларын пайдалану мәселесіне көп көңіл бөлінді. Ғалымдар шетел инвестицияларын қатан мемлекеттік бақылауды орнатуды қалады. Себебі, төменгі бәсекелестік жағдайында мемлекеттің шетел капиталын реттуде белсенді араласуы мемлекеттік өндірішілерді қорғау шарасы болып табылады деп есептеген. Оны іске асыру үшін мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің орталықтанған жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бұндай жағдайда, зерттеушілер дамыған мемлекеттермен серіктестікке түскен жағдайда, үкіметтен жеңілдіктер «әділ» жүйесін қалыптастыруды талап етті.

1990-2000 жылдар аралығында халықаралық экономикадағы глобализациялық процесстер Қытай ғалымдарын мемлекеттің экономикалық концепциясына тағы да дискуссияға әкелген болатын. Дискуссияның басты мәселесі ретінде интеграция жағдайында ұлттық қызығушылықтарын қорғау мәселесін талқыланған болатын.

Қытайдың жаһандануға қатысты тұжырымдамасы: саяси және экономикалық болып бөлінген.

Жаһанданудың саяси тұжырымдамасы мемлекеттің саяси жүйесін өзгерту арқылы, қажет болса АҚШ-тың көмегімен, мемлекеттің тұрақты дамуына алып келетін тұжырымдама болып табылады. Қытай билеушілерінің ойынша жаһанданудың кез келген концепциясы Қытайдың ұлттық ерекшеліктері ескерілуі тиіс деп есептеген. Ескерілмеген жағдайда мемлекеттің саяси-әлеуметтік жағдайына тұрақсыздық алып келеді деп санайды. Бұл концепция бойынша Дэн Сяопин былай деген: «Батыс мемлекеттеріндегі үш билік жүйесінің болуы – үш үкіметтің болуын білдіреді және ол Қытай мемлекетінің тұрқтылығына зиян тигізеді»

Мемлекеттің экономикалық концепциясы Қытайдың соғыстан кейінгі кезеңде (Мао Цзедунның билік еткен кезеңде) жүргізілген саясатта қалыптасқан. Экономисттар мемлекеттің тұрақты дамуын тек саяси құралдар арқылы ғана емес, экономиканы дамытудың арқасында да мемлекеттің тұрақты дамуына жетуге болатындығын анықтаған болатын. Мұндай жаһандану өндірісті интернационализациялауға бағытталған болатын.[4] (1-ші схема)



1-ші схема название

Өзекті мәселе болып мемлекеттік экономика саясатының басымдылықтары, сыртқы экономикалық қатынастардың либерализациялау дәрежесі және экономиканың дамуына шетел инвестициясының мәні болып қала берді. Нәтижесінде, Қытайдың ДСҰ-на кіру процесі ұзақ мерзімге созылды. Өйткені, ұйымға мүше болу тарифтердің азаюына және шетел инвесторлары үшін бұрын сонды толық немесе жартылай тыйым салынған экономикалық секторлардың ашылуына алып келеді.

Пекин университетінің профессоры Юн Ванның зерттеуі бойынша экономикалық ұлтшылдар Қытайдың ДСҰ-на кіруімен сыртқы экономикалық байланыстарға қатысты протекционисттік саясатты күшейту идеясын қолдаған болатын.[5] Олардың жаһандануға қатысты идеяларына сараптама жасау арқылы ғалымдардың көзқарастарын былай жүйелеуге болады:

- орталықтанған экономикалық және саяси билікті бұзылады;
- экономиканың басты позициялары ТҰК-дың қолына өтеді.

Сондықтан мемлекеттің шетел инвесторларымен бәсекелестікке түсу қабілеті болмағандықтан, инвесторлардың позициялары мемлекет тарапынан шектелуі тиіс деп есептейді.

Либералды экономисттардың жаһандануға қатысты көзқарастары келесідей болды:

- шетел компанияларымен бәсекелестік қытай экономикасының дамуына үлкен мүмкіндік береді;
- экономиканың бәсекеге қабілетсіздігі уақытша құбылыс;
- инвестициялар экономиканың белсенділігін арттырады;
- инвесторлар мемлекетке жаңа технологияларды енгізуімен, мемлекетті жаңа технологиялық деңгейге көтереді.

Ұлттық экономиканың қорғаны ретінде қытайлық кәсіпорындардың үлесі жоғары болуын талап етеді (50% және одан көп).

Дебаттардың алғашқы раунды 90-шы жылдардың басында өткен болатын. Мемлекетте шетел капиталының қатысуымен құрылған кәсіпорындардың саны күрт өсіп, қытай нарығының кейбір бөлігін жаулаған болатын. Олар негізінен автомобиль құрастыру,

электроника, фармацевтика, көлік құрастыру салаларында көптеп шұғырланған болатын. ҚКП-ның 15-ші съезді (1997 жылдың қыркүйегі) инвесторлар үшін шектелетін салалар тізімін бекітті. «Сыртқы инвестициялар үшін тыйым салынған салалар тізімі» сонымен бірге нашар дамыған аймақтарға инвестициялар үшін берілетін сыйақының түрлерін де қамтыды. Қытай үкіметі мемлекеттің міндетті түрде жаһандану процесіне түстіндігін біле тұра, процесстің артықшылықтарын барынша пайдалануға және тигізер зиянын барынша азайтуға тырысты. Ғалымдардың пікірінше, экономикалық жаһанданудың Қытай мемлекеті үшін тигізер артықшылықтары:

- Қытайдың барлық мемлекеттермен серіктестігі;
- мемлекеттік өкілдердің халықаралық сауданың жаңа ережелерін құруға құқық алуы;
- мемлекеттік мекемелердің бәсекеге қабілетінің артуы;
- Қытай тауарларының экспорттына кедергілердің азаюы.

Ал мемлекетке тигізер зияны ретінде:

- ішкі нарықтан шетел тауарларының отанық тауарларды ығыстыруы;
- ішкі және жағалауға жақын аймақтардың әркелкі дамуы;
- жұмыссыздықтың көбеюі;
- ғұламалардың жылыстауының күшеюі.

Қытай 2001 жылы ДСҰ-ның құрамына кірді және өзіне мынандай міндеттемелерді алды:

- ішкі заңнамалық жүйені халықаралық нормаға негізделіп, сәйкестендіру;
- ДСҰ-ның демпингқа қарсы қағидаттарын сақтауға;
- экономикалық саясаттың ашықтығын қамтамасыз ету;
- ұйымның мемлекеттік сауда бойынша ережесін сақтауға;
- үш жылға компаниялардың өзінің сыртқы экономикалық қызметін жүргізуге рұқсат беру.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімі**

1. У Цзинлянь. Экономическая реформа в КНР. — Москва: Наука, 1990. — С. 176.
2. Линь Ифу, Цай Фан, Ли Чжоу. Китайское чудо. Экономическая реформа и стратегия развития. — Москва, 2001. — С. 120-122.
3. Портяков В.Я. Экономическая политика Китая в эпоху Дэн Сяопина. — Москва: Восточная литература, 1998. — С. 45.
4. Цао Вэньчжэнь. Полемика вокруг экономической глобализации // Возможности и вызовы глобализации. Экспресс информация Института Дальнего Востока РАН, 2001. — С. 5.
5. Yong Wang. China's Domestic WTO Debate. The China Business Review, January-February 2000. — № 1. — P. 54.